Әділет

# Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген ғылыми сараптама туралы мәліметтер" нысанын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ( Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 365 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде 2020 жылғы 11 қарашада № 21618 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2025 жылғы 26 наурыздағы № 53 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 26.03.2025 № 53 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2010 жылғы 19 наурыздағы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Әкімшілік деректерді жинауға арналған " Нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген ғылыми сараптама туралы мәліметтер" нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (бұдан әрі - Агенттік) Парасаттылық департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін, оны Агенттіктің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа* | *А. Шпекбаев* |

*қарсы қызмет) Төрағасы*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
қызмет) Төрағасы
2020 жылғы 4 қарашасы
№ 365 бұйрығымен
бекітілген

**"Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген ғылыми сараптама туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны**

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке) (бұдан әрі - Агенттік).

Әкімшілік деректер нысаны келесі интернет-ресурста орналастырылған:https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption?lang=kk

Индекс: 1-НАЭ

Кезеңділігі: ай сайын.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді үйлестіру жүктелетін ғылыми мекеме немесе жоғары оқу орны (бұдан әрі – Үйлестіруші).

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 10-на дейін.

| № | Жобаның атауы нормативтік құқықтық актінің | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама қорытындыларында ұсынылған ұсынымдардың жалпы саны | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу қорытындылары бойынша нормативтік құқықтық актілерде ескерілген ұсынымдардың жалпы саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | | | |

Үйлестірушінің атауы ______________________________

Үйлестірушінің мекен-жайы ____________________________________

Үйлестірушінің байланыс телефоны

______________________________________________________________

Үйлестірушінің электронды мекен-жайы

______________________________________________________________

Үйлестірушінің жауапты тұлғасы____________________ Қолы_________
*Тегі,аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға_________________Қолы______
*Тегі,аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*

"Нормативтік құқықтық
актілердің жобаларына сыбайлас
жемқорлыққа қарсы
жүргізілген ғылыми сараптама
туралы мәліметтер" әкімшілік
деректерді жинауға арналған
нысанға қосымша

## "Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген ғылыми сараптама туралы мәліметтер" Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген ғылыми сараптама туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды(бұдан әрі - Нысан).

2. Нысанды Үйлестіруші толтырады және Агенттікке ұсынады.

3. Нысанға Үлестіруші ретінде әрекет ететін ұйымның басшысы не оның міндетін атқарушы адам, тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысан есепті айдан кейінгі айдың 10-на дейін ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

### 2- тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

7. 2- бағанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізілген нормативтік құқықтық актінің атауы көрсетіледі.

8. 3-бағанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама қорытындыларында ұсынылған ұсынымдардың жалпы саны көрсетіледі.

9. 4-бағанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу қорытындылары бойынша нормативтік құқықтық актілерге енгізілген ұсынымдардың жалпы саны көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК